

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2022 жылғы 12 сәуірдегі № 51 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 сәуірде № 27659 болып тіркелді.

Ескерту. 1-тармағы 01.01.2022 бастап туындаған қатынастарға қолданылады - осы шешімнің 4 тармағымен.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6 бабы 2-тармағы 7-3) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16137 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 07.10.2022 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

3. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, 1-тармағы 2022 жылғы 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Маңғыстау облысының әкімі

Н. Ногаев

Маңғыстау облысының әкімдігінің

2022 жылғы 12 сәуірдегі

№ 51 қаулысына

1-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Ескерту. 1 - қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 08.04.2025 № 90 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі және 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады).

Елді мекен	Тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері және айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)		
		10,5 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	10,5 сағаттық болу режимі бар түзету топтары	10,5 сағаттық болу режимі бар туберкулез интоксикациясы бар балалар топтары
Ауыл	26 052	70 625	129 884	107 093
Қала	23 463	62 775	113 530	94 009

Маңғыстау облысының әкімдігінің
2022 жылғы 12 сәуірдегі
№ 51 қаулысына
2-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. 2 - қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 27.03.2026 № 58 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Елді мекеннің атауы	Тәрбиеленушілер саны	Бір күнге ата-ана төлемақысының мөлшері 3 жасқа дейін (теңге)	Бір күнге ата-ана төлемақысының мөлшері 3 жастан бастап (теңге)
Ақтау қаласы	20412	803	930
Жаңаөзен қаласы	8411	776	965
Бейнеу ауданы	3232	804	907
Қаракия ауданы	2117	889,08	1106,2
Маңғыстау ауданы	2148	844,46	1069,42
Мұнайлы ауданы	11153	778,37	944,09
Түпқараған ауданы	2846	852,62	1030,27